

Өзім жайлы...



Тегі: **Серкетаева**

Есімі: **Айгерем**

Әкесінің аты: **Умытказыевна**

Туған жылы, күні, айы: **08.03.1987**

Мамандығы: **“Қазақ тілі және әдебиеті” пәні мұғалімі.**

”Бастауыш білім беру” мұғалімі

Еңбек өтілі: **6 жыл**



*Армысыздар жиналған әлеуметім,
Көріп жүрген ұстаздықтың кереметін.
Сайысқа қатысам деп келгендіктен,
Таныстыру өзімді ол міндетім...*

*Сынмен қарап беретін оң бағасын,
Саралайтын сайыстың ақ-қарасын.
Ақ ниетпен дайын тұрған батасы,
Армысыздар әділ қазы алқасы...*

*Отбасында бақытты мен анамын,
Жүрегімін үйдегі үш баламның.
Мамандығым мұғалімі бастауыштың,
Шеберімін бастаған әрбір істің...*

*Бұл өмір тұрады екен бәсекеден,
Рахатын таба білгін әрбір істен.
Жас ұстаздар сіздерге мен тілеймін,
Бұл сайыстан қайтуды мол
жеңіспен...*

А. У. Серкетаева



Отбасым-басты байлығым...



Баламның тәрбиесі мен үшін маңызды...



Қоғам белсенділерінің бірімін




Бәсекеге қабілетті жанмын...



Құлақ аспа жақсының ақылына
надан болсаң,
Тізіп ал маржан етіп ақылды
адам болсаң...


Айгерем Серкетаева



A person is sitting on the grassy bank of a lake, looking out at the water. The scene is captured during sunset or sunrise, with the sky and water reflecting the warm, golden light. The person is in silhouette, and their reflection is visible in the calm water. The overall mood is peaceful and contemplative.

Сырттан күліп сөйлейсің елдің мінін,
Көре қалып басына түскен түнін.
Ұзын болсын қолдарың, қысқа тілің,
Болса қолда сыйласаңшы артық күнің...

Айгерем Серкетаева



Кейде сүйіп өмірді құлшынамын,
Ақталмаса үмітім—
күдер үзіп тұншығамын....

Айгерем Серкетаева

www.ZHARAR.com



Алғысым шексіз

Ең алдымен алғыс айтам жаратқаным аллама.
Жарық өмір сыйлаған әкем менен анама.
Із қалдырып жүректе, бақилық кеткен бабама,
Бірге туған туысқан алғыс айтам баршаңа.
Бір бөліскен қызығын ақ ниетпен тілектес,
Алғысым менің сіздерге кең пейілді әріптес,
Алғыс айтам достарға табылған әркез жанымнан.
Алғыс айтам отбасыма жырақ кетсем сағынған.
Алғыс! Алғыс! бәріңе,
Жасыңа да кәріңе!...

Айгерем Серкетаева

Әттең!...

**Өткен күндер кері қайтса,
Жоғалтпас едің барыңды.
Атылған сөз кері қайтса,
Жараламай жаныңды...**

Айгерем Серкетаева




Аялаңдар қарттарды жыламасын,
Биік болсын таудан да сенің басың.
Біздерге бейбіт өмір, бостандықты,
Қарттарым өз күшіңмен сыйлағансың...

Діңгерім Серкетаева



Дейміз — ақанауым жоқ, мынауым жоқ,
дүние қуамыз болғандықтан қарының тоқ,
Тоймассын дүниеге олар тым көп,
Ал олардың үзіп жейтін наны да жоқ...

Серкетаева Айгерім



Салып, ойлан таразыға ертеңің мен бүгінді,
Тартып жеңіл, түсірер қайсы құныңды.
Арзан жүріс, аздырады жаныңды,
Таразыла, ойламай бір күніңді...


Айгерем Серкештаева

Хайуанның тістеген тісі емес,
Адамның сөзі менен ісі батады.

Ой–санасыз хайуан емес,
Есті адамдар бірін–бірі сатады...

Айгерем Серкетаева





11 жылын өмірдің,
Арнадық әркім мектепке.
Енді жоқ ешкім ол жерде,
Кеттік қой қайта келмеске.
Сағынамын мектепті,
Дарытқан маған ілімін.
Сағынамын ұстазды,
Санама құйған білімін.
Сағынамын партамды,
Тіктеген біліммен бойымды.
Сағынамын тақтамды,
Жаздырған қилы ойымды.
Сағынамын бәріңді,
Сыныптас менің достарым.
Сағыныштан жыр арнап,
Жолдарына қосқаным.
Тағдырымыз сан тарау,
Ажырап кеттік жан-жаққа.
Қосылмас енді басымыз,
Жыл қосқан сайын жасымыз.
Соғылмас енді қоңырау,
Бос қалды-ау мынау классымыз...

Айгерем Серкетаева



Запись на стене



Айгерим Серкетаева

вчера в 18:48

Зайсаным...

Жұмақ көрдім кең дархан жеріңнен,
Жылу сездім қонақжай еліңнен.
Көлің менен тауыңнан нәр аламын,
Өзің жайлы күллі әлемге ән саламын.

Шығысымның айнасы сен—Зайсаным,
Тауың сенің жұмақ Сауыр сайқаным.
Қыран құстай биікте самғашы,
Қанат қағып, самғай бер талмашы...

Туды өзіңнен ер—ұлан батырлар,
Қанат қақты жазушылар ақындар.
Тек өзіңнің құшағыңда Зайсаным,
Паналайды, жай табады—ай жаным.

Жанға қуат берген таза ауасы,
Құстар сайрап ән салғанда даласы.
Жүрегіңді елжіретпей қоймайды,
Бақытты ғой бұл мекеннің баласы...

Айгерем Серкетаева.(Зайсан)

Жарайсың бауырым Денис Тен!

Аренада туымыз желбіреп,
Сырғанадың мәнерлеп.
Қола емес, тақпады күмістен,
Алтын сыйладың Денис Тен!
Қорғадың елдің намысын,
Ақталды бүгін бар ісің.
Сарқылмасын тау күшің,
Алтыннан болсын табысың.
Намысты қолдан бермедің,
Көңілге жыр кернедің.
Он екі мың көрерменді,
Жеңісіңмен Денис тербедің...

Серкетаева Айгерім

Көңілге қаяу салмасын,
Сұм соғыс енді болмасын.
Әлпештеген ананың,
Ұлдарын ажал алмасын.
Соғыста кеткен қырандар,
Жұлдыз боп мәңгі қалғансың...

Айгерем Серкетаева



Қонақпыз бұл өмірге кеше келген,
Ғұмырымыз санаулы алла берген.
Уақытша келіп–кетер бәрі жалған,
Қалады ізің ғана өзің салған.
Ұмыт болар қалмайды менің атым,
Өшпейтұғын сақталсын жазған хатым...


Айгерем Серкетаева



Өзендей ағып жатқан өміріміз,
Қай арнаға алып соғар көңіліміз.
Түзетерсің құбылмалы көңіліңді,
Түземейсің ағып кеткен өміріңді...


Айгерем Серкетаева



A young child with short brown hair, wearing a green and blue plaid shirt, is sitting on a patterned rug. To the right of the child is a large, fluffy orange teddy bear. The background is slightly blurred, showing what appears to be a play area with colorful toys. The text is overlaid in white, bold, sans-serif font.

Тастамай далаға ақшасын,
Тастап жатады баласын.
Бар сәбидің арманы,
Бірге көру, әкесі мен анасын....


Айгерім Серкетаева



Қандай еді әндері аға Шәмшінің,
Шығарған талай атақтарын әншінің.
Қалмады бүгін мағына шіркін әндерде,
Сапасы кеткен әншіден бе, әлде әннен бе...


Айгерем Серкетаева

Сер. Калығайқы



Халқымның мен қалауымен депутат болып сайландым,
Енді еліме жан-тәніммен байландым.
Маған үміт, сенім артып қолдаған,
Алтын халқым жүрегіңнен айналдым...

Айгерем Серкетаева



Қарттарым асыл қазынам,
Сіздерге мәңгі табынам.
Жоғалса да ажарың,
Таусылса да базарың.
Амандықта көрейік,
Сиремесін қатарың.....

Айгерім Серкетаева

Елімнің еркіндігі- Тәуелсіздік

Келіп жетті желтоқсаным ызғарлы,
Еске салып сонау жылғы мұң-зарды.
Жастарымыз жыр жолдарын ақтарды,
Естелік боп жадымызда сақталды.

Ұлты менен намысы үшін күресті,
Бірін-бірі жинап жастар үндесті.
Сәбира, Ләззат, Қайрат сынды батырлар,
Әділдіктің жолында ажалымен жүздесті.

Ызғарлы тарих жадымызда сақталсын,
Артқан үміт жастарыммен ақталсын.
Үлгі болып, мақтан етер ерлікті,
Жүректерден биік рухты тірілтер.

Таудан биік асып жатсын туымыз,
Бейбіт сыйлап әрбір атқан күніміз.
Өсе берсін, жарқырап ұл-қызымыз,
Оянуға жазсын әрбір түніміз.

Қазағымның болсын берік іргесі,
Қосып жатыр Елбасы зор үлесін.
Өшпейтұғын жарық жанып шамымыз,
«Мәңгілік Ел» болғай айтар әніміз.

*Айгерім Серкетаева,
М.Ломоносов атындағы орта
мектептің мұғалімі.*

ланьс телефондары:
ктор-редактор – 21-378,
Тілшілер – 21-903,
мі – 21-8ф56, факс – 21-378.
лектрондық пошта –
zeta-dostyk@mail.ru

**Құрылтайшысы:
аудан әкімдігі**

Директор-редактор

Ардақты БӨЛДЕКБАЕВА

Көркемд

бет

Ақмарал

